

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Әкімшілік құқық және ІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
ОРГАНДАРЫ» курсы бойынша  
ДӘРІС**

**ТАҚЫРЫБЫ:** «Қазақстан республикасының қаржы полициясының  
органы»

ӘҚ ж. ІО-ның ӘҚ кафедрасында  
тақыланып, мақұлданған.  
2013ж. №\_\_\_\_\_ хаттама

**ҚАРАҒАНДЫ**

**Дәрісті оқу мақсаты:** «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мақсаты, оның басқа заң ғылымдары салаларымен қарым-қатынасын түсіндіру. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін негізгі құқықтық нормативтік актілерді қарастыру. Құқық қорғау органдары жүйесінің түсінігі мен құрылымына, құқық қорғау қызметінің түсінігі мен мазмұнына қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың арнамысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

**Дидактикалық:** ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

**Әдістемелік:** тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

**Тәрбиелік:** тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

**Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:**

*Ұйымдастырушылық кезең.*

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 5 мин.

*Кіріспе бөлім – 10 мин.*

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

*Негізгі бөлім – 65 мин.* Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-мәселе бойынша – 20 мин.

2- мәселе бойынша – 20 мин.

3- мәселе бойынша – 20 мин.

*Қорытынды бөлім – 5 мин.*

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

**Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:**

- 1) Құқық қорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

### **Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер.**

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
2. ҚР Президентінің "ҚР құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы №536 Жарлығы // Казахстанская правда, - 2001. - 22 қаңтар.
3. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 27 ақпандағы № 283 қаулысымен бекітілген ҚР Қаржы полициясы агенттігі туралы ереже // ПУАЖ. - 2001. - № 8. - 83- құжат.
4. "ҚР кейбір заң актілеріне қаржы полициясы органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР 2001 жылғы 12 шілдедегі № 240-2 Заңы // Юридическая газета. - 2001. - 25 шілде.
5. Салық органдарының қаржы полициясымен өзара іс-қимылының кейбір қырлары туралы. ҚР МКМ-нің 2001 жылғы 25 маусымдағы № ЮД-2-2-12/5070 хаты.
6. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. - Астана: ИКФ "Фолиант", 2000.
7. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Дәнекер, 2000.
8. Воронцов С.А. Правоохранительные органы РФ. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2001.
9. Григонис Э.П. Правоохранительные органы: Оқулық, -СПб: Питер, 2002.
10. Правоохранительные органы Республики Казахстан: Оқу-әдістемелік материалдар. - Алматы: Дәнекер, 2001.

### **Жоспар:**

#### Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының қаржы полиция органдарының міндеттері және функциялары.

2. Қазақстан Республикасының қаржы полиция қызметкерінің құқықтық мәртебесі.

#### Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 949 Жарлығына сәйкес, құқықтық мемлекетті қалыптастыру бағытындағы шаралар құқық қорғау органдары мен лауазымды тұлғалардың күнделікті қызметінің негізгі өзегіне айналып отыр. Оның негізгі принциптері тұжырымдамада көрсетілген мына нысандарда орнықтырылуы керек:

- заңдылық, яғни Конституция мен заңдардың және оларға негізделігі қабылданған нормативтік актілер нормаларының сақталуы мен тиісті дәрежеде қолданылуы;
- адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдығы;
- ізгілік, яғни қоғамдық қатынастар сапасының деңгейін білдіретін бағалау өлшемі ретінде индивидуумның негізін түпкілікті бекіту, жеке тұлғаның

және оның еркін дамуы мен қабілеттерін көрсете алу мүмкіндігінің жоғарғы құндылық ретінде орнығуы;

- қазақстандық патриотизм, қазақстандықтардың Отанға деген шынайы берілгендігі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Айта кететіні, құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру 2010 жылға межеленгендіктен, құқық қолдану шараларын жетілдіру мен құқықтық жүйені дамытудың базалық тетіктерін мемлекеттік деңгейде белгілеуге басты назар аудару қажет. Қоғамда қажетті құқықтық ойлау нысанын қалыптастырудың теориялық мәселелеріне тоқтала кетсек, мына факторларды айрықша атап өтпеу мүмкін емес. Елімізде құқықтық реформаның жүргізіліп жатқанына біршама уақыт өтті. Қоғам дамуының барысында құндылықтар түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Қоғамды зиянды кеселдерден арылту мен жанарту бастамасы бүгінде экономикада да, саясатта да, әлеуметтік өмірде де қарқын алып келеді. Бірақ, бұл жолдағы шешуші фактор жаңа технологиялар мен билеу жүйесі деп айта алмаймыз, шешуші фактор адамның өзі, оның бойындағы интеллектуалдық стереотип, азаматтық тұғырнамасы мен қоғам өмірінде көрініс тауып жататын әр түрлі құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі белсенділігі.

Қылмыстық ахуалдың тым күрделі, шиеленісіп отырған қазіргі жағдайында құқықтың алдын алу әлеуетін тиімді жолға қоюдың орны ерекше болмақ. Қылмыстың алдын алу мен оған тосқауыл қойып, салдарын жоюдың тиімді жолдарын құқықтанушы-заңгерлердің тынымсыз іздестіруі де заңды құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан-2030» стратегиясында «заңның шексіз үстемдігін белгілеуге және заңды орындайтын азаматтарды қылмыстан қорғауға тиіспіз. Бұған, керісінше, билік пензанның бар күшін заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы қолдану керек» деген қағидаларынан құқықтық білімнің қандай дәрежеде және қай бағытта бағытталуы қажеттігін анық аңғарамыз.

Қоғаммен байланыс жасауды кеңейту және тереңдету, бұл жұмысқа барлық құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарды тарту, сондай-ақ облыстық және аудан орталықтары, ауыл тұрғындарымен, ұжымдармен, оқу орындары оқушыларымен мақсатты түрде жұмыстар жүргізуді мақсаттылыққа айналдыруды қажет етеді.

Бұл дәрісті жазу барысында Қазақстан Республикасының заңдарынан бөлек Ресейлік «Құқық қорғау органдары» және Қазақстандық «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары» атты оқу құралдарын басшылыққа алынып жазылған.<sup>1</sup>

Осы дәрісте қаржы полициясы органдарының құқықтық мәртебесін, міндеттерін, ұйымдастырылу және қызмет ету принциптерін, өкілеттігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жүйесімен, қаржы полиция қызметкерінің құқықтық мәртебесімен толық танысасыздар.

## **1. Қазақстан Республикасының қаржы полиция органдарының міндеттері және функциялары.**

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу мен тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган атқарады.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы саладағы қылмыстармен айналысады. Агенттік құқық қорғау органы болып табылады. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл органдардың мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ

<sup>1</sup>«ҚР Қаржы полиция органдары туралы» 2002 жылғы 04 шілдедегі ҚР Заңы.

К.Ф.Гуценко, М.А.Ковалев «Правоохранительные органы». Уч. – М., 2001.

М.М.Әлиев «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары». Оқу құралы. – Астана, 2004.

заңнамаға сәйкес банкілерде шоттары болады. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Агенттіктің егер оған заңнамаға сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады. Агенттік штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Агенттіктің толық атауы – «Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі» мемлекеттік орган. Агенттік қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады. Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге Агенттікке тыйым салынады.

Егер Агенттікке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың негізгі міндеттері:

1) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша, сондай-ақ салықтарды, кеден алымдарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруға, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттарды немесе өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) байланысты қаржы полициясы органдарының тиімді іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

3) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтар жасаған немесе соларды жасағанына күдікті адамдарды іздестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетке келтірілген зиянды өтеуге шаралар қабылдау;

4) республикадағы жедел жағдайды талдау және болжау, экономика және қаржы қызметі саласында заңдылықты нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу әрі қаржы полициясы органдарының кірісуін талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет шараларын қабылдау;

5) экономикалық және қаржылық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу;

6) өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-іздестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды қолдану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, бағынышты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату;

7) қаржы органдары қызметшісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының салық және кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдары құрылымын жетілдіру, оңтайландыру, қаржы полициясы органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің өз арасындағы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

9) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдарының қызметін материалдық-техникалық қаржылық және кадрлық, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету;

10) ведомствоға қарасты ұйымдарға, оның ішінде оқу орындарына жалпы басшылықты жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді орындау.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары жүйесіне жалпы басшылықты, олармен жедел басқару жүйесінің іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын айқындайды, оларды іске асырудың құқықтық ұйымдық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

3) қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді іске асырады, оларды төмен тұрған қаржы полициясы органдарының атқаруын бақылайды, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін әлсірететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

4) жедел жағдайдың жай-күйі мен болжамын ескере отырып, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін зерделейді және осы қызметті жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді;

5) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге қатысады, іс-шаралардың тактикалық жоспарларын, сондай-ақ өзіне бағынышты органдар мен бөлімшелердің, оның ішінде құрылымдық бөлімшелердің, қызметін реттейтін кесімдер әзірлейді;

6) қаржы полициясы органдарының және оның барлық буынының құрылымын әзірлейді, өз құзыреті шегінде оны жетілдіреді;

7) қаржы полициясы органдарының кадрларын іріктейді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді ұйымдастырады әрі ведомствоға қарасты оқу орындары қызметін қамтамасыз етеді;

8) қаржы полициясы органдары қызметінің көкейтесті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірленім жүргізуді ұйымдастырады;

9) жедел-іздістіру қызметін, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттар мен өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) қарсы күресті жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген қызметті Агенттік аумақтық органдарының жүзеге асыруын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және бақылайды, оларға практикалық әрі әдістемелік көмек көрсетеді;

10) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері

бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл жасасады, халықаралық ұйымдар қызметіне қатысады;

11) бөлінген материалдық ресурстардың және бюджеттік қаржының мақсатты да тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, олар бойынша есеп жүргізу мен есептілікті, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ведомствалық бақылауды жүзеге асырады;

12) республикадағы экономикалық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны нығайту жөнінде қаржы полициясы органдары қабылдап жатқан шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды хабардар етеді;

13) экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қаржы полициясы органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

14) заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдар қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқығы бар:

1) заңды немесе жеке тұлғаларға орындауы үшін міндетті нұсқама беру;

2) салықтар төлеуден жалтаруға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған ретте, салық органының нұсқамасы негізінде салық органымен бірлесіп салық тексерістерін жүргізу;

3) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату және алу;

4) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке адамдардан заңнама бұзушылықты жоюды талап ету және оның орындалуын бақылау;

5) жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асыру;

6) ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің басқа құқық қорғау органдарымен бірлескен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

8) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен көзделген басқа да шаралар қабылдау;

9) ведомствоға қарасты ұйымдарды, оның ішінде оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізу;

10) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері және қаржы полициясы органдарының қызметіне қатысты өзге де мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін әзірлеуге қатысу;

11) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіру, халықаралық келісімдер жасасу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ. Агенттікке заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

#### **Агенттік қызметін ұйымдастыру.**

Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады. Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады. Төраға Агенттік жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес және Агенттіктің қызметі үшін жеке жауапты болады.

#### **Төраға осы мақсатта мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:**

- 1) Агенттік қызметіне басшылық жасайды;
- 2) Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен өзге ұйымдарында Агенттіктің атынан өкілдік етеді;
- 3) өз орынбасарларының, сондай-ақ Агенттік департаменттері мен өзге де құрылымдық бөлімшелері бастықтарының құқықтары мен міндеттерін анықтайды;
- 4) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдарының атқаруы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдардың және азаматтардың атқаруы үшін міндетті кесімдер шығарады;
- 5) өз номенклатурасы бойынша қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды жүргізеді;
- 6) азаматтарды қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, оларға қаржы полициясы полковнигіне дейін қоса алғашқы және келесі арнайы атақтарды береді;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне жоғары басшы құрамының арнайы атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізеді;
- 8) заңнамамен белгіленген тәртіпте қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, заңнамамен белгіленген тәртіпте оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады;

9) заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде Агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдардың Жарғыларын бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Агенттіктің Төраға жанында консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның саны мен жеке құрамын Агенттік төрағасы бекітеді. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары заңмен белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар болып табылады.

**Қаржы полициясы органдарының міндеттері болып төмендегілер табылады:**

1) өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық кәуіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) экономикалық қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау жолын кесу, ашу және тергеу;

3) экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халық аралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Қаржы полиция органдары туралы Заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Қаржы полициясы органдарының қызметі заңдылық адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қадір-қасиетін құрметтеу және сақтау, қаржы полициясы органдары жүйесінің бірлігі, жұмыстың жария және жасырын нысандарын ұштастыру және дара басшылық құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау принциптерінде жүзеге асырылады.

Қаржы полициясының төменгі бөлімшелері жоғары тұрғандарына бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйесі бар.

Қаржы полициясы органдарының бірыңғай жүйесін:

-орталық мемлекеттік органды (бұдан әрі - уәкілетті орган);

-қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдарын қамтитын қаржы полициясының органдары;

-оқу орындары және өзге де ведомстволық бағыныстағы мекемелер құрайды;

-облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қаржы полициясының тиісті бөлімшелері, сондай-ақ қаржы полициясының аймақаралық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық бөлімшелері қаржы полициясының аумақтық органдары болып табылады.

Қаржы полициясының көліктегі тиісті бөлімшелері қаржы полициясының мамандандырылған органдары болып табылады.

Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде уәкілетті органның функцияларын жүзеге асырады.

Қаржы полициясы органдарының жүйесіне кіретін уәкілетті органды, оның бөлімшелері мен оқу орындарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мекемелерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдарының жүйесіне кіретін ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметін жүзеге асырудың ерекшеліктері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Қаржы полициясы органдарының туы мен нышаны бар. Қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Уәкілетті орган экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық және рұқсат етушілік функцияларды жүзеге асырады.

### **Уәкілетті орган:**

1) қаржы полициясының органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметінің негізгі бағыттары бойынша олардың іс-қимылына басшылықты, оның үйлестірілуі мен келісімділігін қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдарының жедел-іздігіне әкімшілік, тергеу және анықтау қызметінің практикасына талдау жасайды;

3) экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысәндары мен әдістерін жетілдіреді, жедел-іздігіне қызметінің стратегиясы мен тактикасын белгілейді, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

4) қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасайды;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

6) қаржы полициясы органдарының мамандарын даярлауды және кадрларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

7) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын белгілейді, оларды іске асырудың құқықтық ұйымдық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

8) экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

9) заңмен белгіленген өз өкілеттігі шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

Уәкілетті органның оның бөлімшелерінің сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мекемелері қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін уәкілетті орган басшысының жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады.

### **Уәкілетті органның басшысы**

1. Уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

2. Басшы шешімдерді өз өкілеттігі шегінде дербес қабылдайды және уәкілетті органның қызметі үшін жеке өзі жауап береді.

3. Басшы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- уәкілетті органға басшылықты жүзеге асырады;
- барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда уәкілетті органның атынан өкілдік етеді;

- қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының және ведомстволық бағыныстағы басқа мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- өз орынбасарларының қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы басқа мекемелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейді;

- өз өкілеттігі шегінде қаржы полициясы органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелердің міндетті түрде орындауына жататын бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

- Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде қаржы полициясы органдары, бөлімшелері мен оқу орындарының құрылымын және қаржы полициясы органдарының бөлімшелері мен оқу орындары туралы ережелерді бекітеді;

- Қазақстан Республикасының міндетті арнайы тексеруден өткен азаматтарын қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, арнайы атақтар береді;

- қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- әдетте, орынбасарлар, бөлімшелер басшылары және өзге де лауазымды адамдар арасынан алқаның сан және жеке құрамын бекітеді, сондай-ақ алқа отырыстарын әзірлеу мен өткізудің тәртібін белгілейді;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қаржы полициясының органдары өздерінің алға қойған міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктері шегінде:

- жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстар туралы мәлімдемелер мен хабарларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу, қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарына жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қолдануға;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

- әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге;

- жедел-іздігі шараларын жүзеге асыру, қылмыстық процесте пайдалану үшін олардың нәтижелерін тіркеп қою арқылы қылмыстарды анықтауды, алдын алуды, жолын кесуді және ашуды қамтамасыз етуге, өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша жедел-іздігі шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмалары мен прокурордың нұсқауларын, сондай-ақ соттың қаулыларын орындауға;

- қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша адамдарды; жүрген жері белгісіз болған кезде соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай талап қоюлар бойынша жауапкерлерді іздігі жүзеге асыруға;

- экономикалық құқық бұзушылықтар келтірген мүлктік зиянның өтелуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға;

- экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге;

- қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөнінде заң әктілерінде көзделген шараларды қолдануға;

- мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, сондай-ақ жүктелген міндеттерді атқару кезінде алынған басқа да ақпаратты сақтауға міндетті.

Қызметкерлері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда қаржы полициясының органдары бұзылған құқықты қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржы полициясының органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін өз өкілеттіктері шегінде және заңда белгіленген тәртіппен келесі құқықтарға ие:

- жалпы және арнайы жедел-іздігі шараларын жүзеге асыруға;

- іс жүргізуде жатқан материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық дерекгерге және өзге мәліметтерге қол жеткізуге, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды

адамдарынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап етуге, олардың көшірмелерін түсіруге, түсініктемелер алуға;

- іс жүргізуде жатқан қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелуге;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюға немесе арасынан алуды жүргізуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға;

- ұсталғандарды және қамауға алынған адамдарды күзетпен алып жүруге;

- қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауға;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген басқа да шараларды қолдануға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан және лауазымды адамдардан ревизиялар, тексерістер, аудит және баға беру ісін жүргізуді талап етуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерін құру және пайдалану, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу, анықтау, іс жүргізу барысында зерттеулер ұйымдастыруға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыруға;

- жеке және заңды тұлғаларға қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамалар мен ұсынымдар беруге құқылы.

- Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қару, оқ-дәрі, арнайы құралдар сақтауға, алып жүруге және қолдануға, сондай-ақ қажет кезінде білек күшін, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін де қолдануға құқығы бар.

## **2-сұрақ. Қазақстан Республикасының қаржы полиция қызметкерінің құқықтық мәртебесі.**

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары «ҚР Қаржы полиция органдары туралы» Заңымен, Қазақстан

Республикасының *Президенті* бекітетін Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен, сондай-ақ осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен реттеледі.

Қаржы полициясы органдарының мамандары мен жұмысшыларының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен реттеледі.

Қаржы полициясы органдарының қызметінде немесе кадр есебінде тұрған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматы қаржы полициясы органдарының қызметкері болып табылады.

Қаржы полициясы органдарына кадрлық есепке алудың тәртібі мен шарттары Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен анықталады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері мемлекеттік биліктің өкілі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің заңды талаптары барлық азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті.

Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережеде көзделген тәртіппен оның жеке басын және өкілеттіктерін растайтын белгіленген үлгідегі қызметтік куәлік және жетон беріледі. Куәлік пен жетонның сипаттамасын уәкілетті орган бекітеді.

Қаржы полициясы органдары қызметкерінің заңды талаптарын орындамау, оны қорлау, қарсылық көрсету, күшпен қорқыту немесе оның қызметтік борышын орындауына байланысты өзінің, отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне қол сұғу заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қызметтік іс-әрекетіне, заң актілерімен тікелей уәкілеттік берілген адамдардан басқа, ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің іс-әрекетіне заңға қайшы араласу заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері өзіне азаматтар немесе лауазымды тұлғалар қылмыс немесе құқық бұзушылық туралы мәлімдеме немесе хабарлама жасаған не сондай жағдай тікелей анықталған ретте, экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөнінде өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға және жақын маңайдағы қаржы полициясы органдарының бөлімшесіне хабарлауға міндетті.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері өзіне қатысты қабылданған шешімдер мен әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды адамға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері, егер оның іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылса, арнайы

құралдарды, білек күшін және қаруды қолданудан келтірілген зиян үшін жауап бермейді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері үшін жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес белгіленеді. Кезек күттірмейтін жедел шаралар мен тергеу шараларын орындау қажет болған жағдайда қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқаруға белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері тартылуы мүмкін.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдарының кадрында қалдырыла отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мемлекеттік органдарға уақытша іс-сапарға жіберілуі мүмкін.

Қаржы полициясы органдарының қызметіне жасы он сегізге толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі мен денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Қаржы полициясы органдарының оқу орындарында оқуға жасы он алтыға толған орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды адамдар алынады.

Бұл орайда қаржы полициясы органдарының оқу орындарына оқуға түскен адамдармен келісім-шарттар жасалады, оларда оқу орнын бітіргеннен кейін қаржы полициясы органдарында одан әрі қызмет өткерудің шарттары мен мерзімдері көзделеді.

Қаржы полициясы органдарының қызметіне - жасы қырықтан аспаған, ал қатардағы және кіші басшы құрамның қызметтеріне - жасы отыз екіден аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Айрықша жағдайларда аталған жас мөлшерінің шегі уәкілетті орган басшысының шешімімен өзгертіледі.

Қаржы полициясы органдарындағы қызметке бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақталуға жатпайтын негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік органдардан жағымсыз себептермен босатылған адамдар қабылданбайды.

Қаржы полициясы органдарына қызметке кірген азаматтар ант қабылдайды, оның мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне саяси партияларға, кәсіптік одақтарға мүше болуға, қандай да болмасын саяси партияны қолдауға, ереуілдер ұйымдастырып, оларды өткізуге қатысуға, өзге де ақылы қызметпен шұғылдануға (оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқау кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынады.

Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамының қызметтеріне тағайындалған немесе кадры болып алынған әскери міндеттілер, қаржы полициясы органдары оқу орындарының курсанттары

мен тыңдаушыларын қоса алғанда, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және қаржы полициясы органдарында арнайы есепте тұрады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызметте болуының шекті жасы былайша белгіленеді:

1) қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар үшін - қырық бес жас;

2) орта басшы құрамдағы, сондай-ақ арнайы майор және подполковник атақтары бар аға басшы лауазымдағы адамдар үшін - қырық бес жас, арнайы полковник атағы бар адамдар үшін - елу жас;

3) жоғары басшы құрамдағы адамдар үшін - елу бес жас.

Қажет болған жағдайда қаржы полициясы органдары жекелеген қызметкерлерінің қызметте болу мерзімі Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен белгіленетін тәртіппен ұзартылуы мүмкін.

Қаржы полициясы органдарындағы қызметті тоқтатуға мыналар негіз болады:

1) «ҚР Қаржы полициясы органдары туралы» Заңында белгіленген тәртіппен қызметтен босатылу;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын айырылу;

3) Қаржы полициясы органдарының қызметкерін заңда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті немесе әрекетке қабілетсіз деп тану;

4) Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қайтыс болуы;

5) Лауазымымен сыйыспайтын қызметпен айналысуы;

6) Соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі немесе ақталуға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері:

1) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) бойынша;

2) қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты;

3) денсалық жағдайы бойынша тиісті комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе қызметке жарамдылығының шектеулі екендігі туралы қорытындысы негізінде;

4) штаттың қысқаруына байланысты;

5) өз тілегі бойынша;

6) келісім-шартты бұзуға байланысты;

7) аттестациялық тәртіппен белгіленген қызметке сай келмеуіне байланысты;

3) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

9) беделін түсіретін теріс қылық жасаған кезде;

10) қызмет тәртібін үнемі бұзғаны үшін;

11) заңдарда көзделген езге де жағдайларда жұмыстан босатылады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері, егер босатылатындар әскери қызметке жарамды, запаста болатын адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шеісті жасқа жетпеген болса, запасқа әскери есепке қойылып шығарылады.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітірген қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдарында кем дегенде бес жыл жұмыс істеуге міндетті.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері қаржы полициясы органдарының оқу орнын бітіргеннен кейін қаржы полициясы органдарында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзшінен бұрын бұзған жағдайда, ол өзін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өткерілмеген айға барабар есептеледі.

Әскерге шақыру жасына толған және үлгермеуі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз қалауы бойынша оқудан шығарылған қаржы полициясы органдарының оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, арнайы есептен шығару үшін тұрғылықты жеріндегі әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар өздерін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражаттарын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома оқу орнында болудың әрбір толық айына барабар есептеледі.

**Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің білек күшін, арнайы құралдар және қару қолдануы:**

-азаматтарға, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне және елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау және қылмысқа қарсы күрес жөнінде қызметтік немесе азаматтық борышын орындаушы өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

-құқық бұзушылықтардың жолын кесу және құқық бұзушыларды, егер осы адамдар заңды өкімдерге немесе талаптарға бағынбаса немесе өзге де нарзылық көрсетсе не айналасындағыларға немесе өзіне залалы тиюі мүмкін болса құқық қорғау органының үй-жайына жеткізу;

-ұсталғандарды, қамауға алынған адамдарды, егер осы адамдар заңды өкімдерге немесе талаптарға бағынбай немесе өзге де қарсылық көрсетіп, онысы айналасындағыларға немесе өзіне залал келтіретін болса, күзетпен алып жүрген кезінде;

-өзге де қажетті қорғаныс, аса қажеттілік жағдайларында білек күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін және тізбесін мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын арнайы құралдарды қолдануға құқылы.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері:

-азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау;

-қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ қаржы полициясы органдары күзететін ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға көлік құралдарына және тауарларға шабуылды тойтару;

-қарулы қарсылық көрсететін, қылмыс жасаған, қамаудан қашқан (әкімшілік тұтқында отырғандардан басқа) адамдарды ұстау, қарулы адамдарды ұстау;

-егер жүргізуші қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, көлік құралдарын зақымдау жолымен тоқтату;

-хайуанаттардың шабуылынан қорғану;

-қару қолдану ниеті туралы ескерту, дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру;

-өзге де қажетті қорғаныс, аса қажеттілік жағдайлары кезінде тізбесі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қаруларды заңда белгіленген тәртіппен қолдануға құқылы.

Қару қолданылған барлық жағдайларда қаржы полициясы органдарының қызметкері:

-айналасындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету шараларын қолдануға;

-қаруды қолданғаны туралы тікелей бағынатын бастығына баяндауға, ал қару мен арнайы құралдарды қолдану адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан жағдайларда прокурорды дереу хабардар етуге міндетті.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің білек күшін, арнайы құралдарды және қаруды қолдануы жөніндегі шектеулер:

-Әйелдерге, мүгедектігі анық көрініп тұрған адамдарға және балаларға қатысты, олар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасып шабуыл жасаған немесе қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, арнайы құралдар мен тәсілдерді қолдануға тыйым салынады;

-Әйелдер мен кәмелетке толмаған балаларға қатысты, олардың жасы белгілі немесе айқын болғанда, олар қарулы шабуыл, қарулы қарсылық не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мынадай арнайы атақтар белгіленеді және беріледі:

1) қатардағы құрам:

-қаржы полициясының қатардағы қызметкері;

2) кіші басшы құрам:

-қаржы полициясының кіші сержанты; қаржы полициясының сержанты; қаржы полициясының аға сержанты; қаржы полициясының старшинасы;

3) орта басшы құрам: қаржы полициясының кіші лейтенанты; қаржы полициясының лейтенанты; қаржы аға лейтенанты, қаржы полициясының капитаны;

4) аға басшы құрам: қаржы полициясының майоры; қаржы полициясының подполковнигі; қаржы полициясының полковнигі;

5) жоғары басшы құрам: қаржы полициясының генерал-майоры; қаржы полициясының генерал-лейтенанты.

Жоғары басшы құрамның арнайы атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Кіші, орта және аға басшы құрамның арнайы атақтарын беру (олардан айыру) тәртібі Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережемен анықталады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін бюджет қаражаты есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бір тұтас жүйесі негізінде белгіленеді және оған ақшалай қаражат пен қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген үстеме ақы кіреді.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық айлық ақыдан және арнайы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

Ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тегін нысанды және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі, оның үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарын есептеу ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Асыраушысынан айырылған жағдайда және мүгедектігі бойынша қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақыларды тағайындау ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) медициналық қызмет көрсету ішкі істер органдарының тиісті медициналық мекемелерінде жүргізіледі.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік отыз күн жыл сайынғы демалыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де демалыстар беріледі.

Еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбелік есеппен) қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары:

-он жылдан асса - ұзақтығы күнтізбелік бес күнге;

-онбес жылдан асса - ұзақтығы күнтізбелік он күнге;

-жиырма жылдан асса - ұзақтығы күнтізбелік он бес күнге ақы теленетін қосымша демалыс беріледі.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мертiккен жағдайда - оның өзіне, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бюджет қаражаты есебінен бір жолғы өтем ақы төленеді.

Бір жолғы өтем ақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкері - қызметтік міндеттерін атқару кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жылдың ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның отбасына соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтем ақы төленеді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертiгүі, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде, оларға:

- 1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражат;
- 2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражат;
- 3) III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтем ақы төленеді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпаған ауыр мертiккен (жарақат алған, жараланған, контузия алған) жағдайда, оларға бір жарым айлық ақшалай қаражат, орташа мертiгу жағдайында - бір айлық ақшалай қаражат, жеңіл мертiгу жағдайында жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтем ақы төленеді.

Егер қаржы полициясы органдары қызметкерінің қазасы (қайтыс болуы), жарақаты, жаралануы (мертiгүі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқаруға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе бір жолғы өтем ақы төленбейді.

Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтем ақы төленеді.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын-жаймен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

Қаржы полициясы органдарында қызметте тұрған қызметкерлер өздері тұрып жатқан, қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйлерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жекешелендіре алады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының қаза тапқан қызметкерінің отбасы қызметтік тұрғын үйден немесе қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйден, басқа тұрғын үй берілмей тұрып, шығарылуға тиіс емес.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамдардың отбасы олар қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын-жай алуға құқылы.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары:

1) Қаржы полициясы органдарының жедел-іздігі, тергеу, саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының, Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша олармен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелерін ескере отырып, тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет ақыларын төлеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджетте белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

2) Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары қолданылады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

«Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» заңының талаптарына сәйкес, қаржы полициясы органдары экономика саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықпен күрес ісіндегі мемлекеттік саясатты әзірлеп, іске асыруға тікелей атсалысуға міндетті. Міне, осы міндетті іске асыру барысында қаржы полициясы органдары өзіне берілген құзыреттерді пайдаланумен қатар, тұрғындар арасында құқықтық білім мен мәдениетті қалыптастыруға мүдделі десек қателеспейміз.

Экономика және әлеуметтік салада жағымды өзгерістер болып жатыр. Мемлекетіміздің одан ары дамуының бағыттары Президенттің осы жылдың 19 наурызындағы халыққа Жолдауында нақты белгіленді. Онда Елбасы басты назарды экономиканы либерализациялаудың жана сатысына көтерілумен бәсекелестікті дамытуға, сондай-ақ индустриалдық саясат пен ауыл бағдарламасын, еліміздің инфраструктурасын дамытуды іске асыруға аударды. Осы міндеттерді іске асыру үшін экономиканы қылмыссыздандыру мен сыбайлас жемқорлықтан қорғау шаралары жүйесін қалыптастыруға бағытталған 2005-2007 жылдарға арналған экономика саласындағы құқық бұзушылықтармен күрестің арнайы бағдарламасы әзірленді. Ал, оны жүзеге асыру бұл ауқымды жұмысқа Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің үйлестіруімен барлық мемлекеттік органдарды жұмылдыруды талап етеді.